

ӨЛСЕМ, ОРНЫМ — ҚАРА ЖЕР...

Баюу, әндете. Медленно и певуче $J=66$

Өл- сем, ор- ным- қа- ра жер сыз бол- май
 ма? Өт- кір тіл бір ұ- ял- шақ қыз бол-май ма?
 Ма- хаб- бат, га- да- уат- пен май-дан- дас- қан,
 қай-ран, ме-нің жү- ре- гім мұз бол- май ма?

Өлсем, орным — қара жер, сыз болмай ма?
 Өткір тіл бір ұялшақ қыз болмай ма?
 Махаббат, ғадауатпен¹ майдандасқан,
 Қайран менің жүрегім мұз болмай ма?..

...Жүрегімнің түбіне терең бойла,
 Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
 Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
 Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!

Жасымда албырт өстім, ойдан жырақ,
 Айлаға, ашуға да жақтым шырақ.
 Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым,
 Етек басты көп көрдім елден бірақ...

...Ішім — толған у мен өрт, сыртым дүрдей,
 Мен келмеске кетермін түк өндірмей.
 Өлең шіркін — өсекші, жұртқа жаяр,
 Сырымды тоқтатайын айта бермей.

¹ Дұшпандық (арапша).

✓ МЕН КӨРДІМ ҰЗЫН ҚАЙЫҢ ҚҰЛАҒАНЫН

(1 түрі)

Баюу, әндете. Медленно и певуче $J=66$

Мен көр- дім ұ- зын қа- йың құ- ла- га- нын, бас ұ-